

ӘОЖ 371.1

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІНЕ ДАРЫНДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

Фатихова Н.А., Ордабаева Р.Б.

ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Андатпа. Мақалада қазіргі кездегі педагог-психолог қызметінің рөлі ашылған.

Кілтті сөздер: Педагог-психолог, тәрбие саласы, білім саласы.

Аннотация. В статье рассматриваются роль деятельности современного педагога-психолога.

Ключевые слова: Педагог-психолог, воспитательная сфера, сфера образования.

Annotation. In the article examined role of activity of modern teacher-psychologist.

Keywords: Teacher-psychologist, educator sphere, sphere of education.

Елдік пен еркіндікке қол жеткен қазақ елі бүгін де қоғам іргесін бекемдеп, саяси-экономикалық, әлеуметтік жағынан өркениетті елдер қатарынан орын алуда. Осындай еліміздің ары қарай алға қарай дамуына өзіндік үлес қоса білетін азаматты тәрбиелеп шығару үшін, алдымен біз мектеп қабырғасындағы тәрбиеге аса мән беруіміз қажет.

Тәрбие беру сынып жетекшілерінің немесе пән мұғалімдерінің міндеттері ғана емес, сонымен қатар қазіргі кезде мектептерде педагог-психолог мамандарының құзырында.

Білім беру мекемелерінде педагогика және психология мамандарының қандай қызмет атқаратындығына тоқталмай тұрып, осы сала бойынша қандай ғалымдар қарастырғандығына тоқтала кететін болсақ, әлемдегі екінші ұстаз Әбу Насыр Әл-Фараби білімнің мазмұнын – мағынасын анықтау және оған жіктеу жасау жөніндегі Фараби ілімі орта ғасырдағы ғылыми ой – пікірдің ең маңызды жетістіктерінің бірі болды [1].

Сөйтіп ол білім салаларының дамуында және оларды жүйелеуде елеулі рөл атқарады. Әл-Фараби тәрбиенің барлық мәселелерін логикамен, тәрбие мұратымен, білім алумен, үйренумен, үлгілі тәжірибемен және оқумен байланыстыра уағыздағанын білеміз. Ол өзі жазған «Ақыл мен түсінік» атты еңбегінде адалдық пен адамгершілік үлгілі тәрбиеге байланысты, оның негізі таза еңбекте, еңбек өз кезегінде – тәрбиенің негізінен туындайды деген еді. Ал «Бақытқа жету» тағы басқа шығармаларында ғылымды меңгеруді бұл дүниедегі бақыт, кемел табудың қажетті шарты деп санайды. Ол өз заманындағы ғылымдардың барлық салаларынан адамгершілік, ақыл – ой, еңбек тәрбиелерін адамды ақылдылыққа үйретіп, еңбекке үйретіп баулудың, күнделікті еңбек етуге үйретеді.

Сонымен қатар жас ұрпақ тәрбиесі, жеке бала тәрбиесі, тіпті кейде жеке адам тәрбиесі, жастар тәрбиесі, жас жұбайлар тәрбиесі жайлы жан – жақты ұлағатты ұғымдар, өсиеттер трактаттар, үлгілі - өнеге сөздер, пікірлер біздің заманымызға дейін сақталып, халық педагогикасының қазынасына айналды.

XV ғасырдың бірінші жартысындағы психологиялық ойлар дала философы атанған Асан Қайғы толғауларымен [2], қара үзген шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының [3] «Шипагерлік баянынан» ерекше көрініс тапқан. Дала ғалымы – аталған еңбегінде адамның жан құбылыстары (түйсік, ойлау, сөйлеу, қиял, дағды, мінез, қабілет т.б.) туралы біраз мағлұматтар келтіреді. Ғұлама адам иіс түйсігін – мұңк (қазіргіше иіс), татым (дәм), ойлауды «ойламалық», сөйлеуді «сөйлемелік», миды «миақ», атауларымен өрнектейді. Оның адам есіне, ойлауына байланысты ой түйіндері мен нақты мысалдары қазіргі ғылым тұрғысынан дәйекті де, нанымды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы педагогикалық – психологиялық ой – пікірлердің қазақтың үш ой алыптары Ыбырай, Шоқан, Абай есімдерімен байланысты. Ыбырай Алтынсарин ағартушы – педагог тек мектеп ашумен шектеліп қалуға болмайтынын, бұған лайықты оқу-әдістемелік құрал – жабдықтар керек екенін жақсы түсінді [4;5;6].

Абай Құнанбаевтің педагогикалық мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамдардың өзара қарым – қатынасы, әсіресе, жастарды еңбекке баулу.

Шоқан Уәлиханов еңбектерінде психологиялық мәселелерге байланысты әр түрлі сипаттағы деректер баршылық осылардың ішінде басқа мәселелерден көбірек сөз болғаны – халқымыздың ұлттық санасы, оның ішінде өзіндік психологиялық ерекшеліктері туралы мәселе еді.

Көркем очерк түрінде жазылған Шоқан күнделіктері мен қол жазбалары – құлжа сапарының күнделігі «Қашқария сапарының күнделігі» психологиялық жағынан құнды дүниелер. Табиғатты көз алдына әкеліп кісіні қызықтыратындай. [4].

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі педагогикалық – психологиялық ой – пікірлердің дамуы – А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов т.б. еңбектерімен айырықша ерекшеленеді.

Ш.Құдайбердиев психологияға байланысты көзқарасын «Анық пен танық», «Қазақ айнасы», «Мұсылмандық шарттары» т.б. шығармаларынан кездестіреміз. Бұларды ғұлама адамдарға сыртқы дүниенің, қоршаған табиғаттың жұмбақ сырын ұқ, танып – біл оның өлшеусіз байлығын мұратыңа, қажетіне жарат, бұл үшін жаратқан адамға ми берді білу, нану, ұғыну, тану – бәрі ақыл ісі, олар мидан шығады деп тұжырым жасайды [7].

Ж.Аймауытовтың психология саласындағы еңбектерінің («Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау», «Комплекс пен оқыту жолдары» т.б.) басты бір ерекшелігі бұлар төл тіліміздегі тұңғыш психологиялық туындылар болуымен қатар, бұрынғы кеңес елін мекендеген түркі тілдес халықтар тілдерінде (қырғыз, өзбек, түрікпен, әзербайжан, башқұрт, т.б.) алғашқы жарық көрген басылымдар екендігінде [8].

М.Жұмабаев ұстаздық етумен шұғылданған, оның үстіне оқу- әдістемелік құралдарын жазған. Ал ақынның «педагогика» кітабы, бүгінге дейін педагог-психолог, жалпы қазақ қауымы үшін таптырмайтын үлгі, тұңғыш қолтума оқулық.

М.Жұмабаевтің «Педагогика» оқулығы әрі оқулық, әрі әдістемелік тұрғыдағы құрал, автордың көзінің тірісінде екі мәрте жарық көрген. Бірі 1922 ж. Орынборда, екіншісі 1923 ж. Ташкент қаласында басылған [9].

XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда психология ғылымының дамуына үлес қосқан академик Т.Тәжібаев пен профессор М.Мұқанов, доцент Ә. Сыдықов т.б. қазақ ғалымдарының еңбектерін қамтиды [10;11;12].

Т.Тәжібаевтің ғылыми ізденістері негізінен екі бағыттың төңірегінде, атап айтқанда ұлт тілінде психологиядан оқу құралдарын құрастыру мен халқымыздың педагогикалық және психологиялық ой-пікірлерінің даму, қалыптасу жолын зерттеу ісіне бағышталады. Т. Тәжібаев бұрын әр жерде шашырап, белгілі жүйеге түспей жүрген ұлттық психологиялық терминдерді саралап, бұл ғылымның төл тілімізде тамыр жол түсуіне жағдай жасады. Т. Тәжібаевтің «Жалпы психология» деген атпен «Қазақ Университеті» баспасынан жарық көрген еңбегіне (1992) психология ғылымының теориялық негіздері баяндалады.

Қазақстандағы ғылыми психологияның дамуына ерекше үлес қосқандардың бірі – М.М.Мұқанов. Оның 1979 жылы жарық көрген «Дәстүрлі мәдениет өкілдеріндегі когнитивті эмпатия мен рефлексияның зерттелінуі» атты ғылыми мақаласы мен 1980 жылы жарық көрген «Ақыл ой - өрісі» кітабынан жекелеген тараулары да осы кітапта орын алып отыр.

Профессор М.Мұқановтың қазақ психологиясына сіңірген еңбегі өлшеусіз. Ол өзінің артына 10-нан астам жеке кітап (оқу құралдары, монография, әдістемелік жинақтар т.б.) қалдырды. Өзінің 20 жылға созылған этнопсихологиялық еңбектерінде қазақ халқының сонау ерте замандардың өзінде – ақ ой - өрісі өте жоғары болғанын эксперимент арқылы дәлелдеп берген [11].

Шәрапи Әлжанов 30 жылдары педагог-психологдерге арнап «Ес және есте сақтау мәселелері, Ой мәселелері, Дағдылану мәселелері» атты көлемді еңбегінде шәкірт психологиясының жас және жеке дара ерекшеліктері жайлы сөз қозғалады. [13].

Ғалым психологиялық мәселелерді өз еңбектерінің қай – қайсысында болмасын кең пайдаланып отырған. Мәселен оның «Оқу кітабы коммунистік тәрбие беру жөніндегі құрал», «Эстетикалық тәрбие негіздері» т.б. мақалаларында жалпы психологияның көптеген теориялық қисындары, жекелеген терминдік сөздері біршама сөз болды.

Бұл пікірде оқытушының сөзі түсінікті, айтылатын мазмұндар оқушының санасына қонатындай болуы үшін, сол баланың психикасымен, жас ерекшеліктерімен санасу әр түрлі мөлшерде өзгеріп отыру керектігі жайында айтылып отыр.

Қазіргі кезде оқу – тәрбие жұмысын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, оны бір ізділікпен жүргізуде балалар психикасының ерекшеліктерімен санасып отыру қажеттілігі жұртшылық тарапынан толық қолдау тауып, бұл жөніндегі ғылыми зерттеулер тәжірибеде елеулі табыс жетті.

Балалар психикасының өзіндік ерекшеліктерімен танысудың оқу – тәрбие жұмысының жемісті болып келуіне ететін әсерін екі түрлі мағынада түсінуге болады:

біріншіден, педагогтың оқыту және тәрбие саласындағы жұмыстары сәтті болып келуі үшін ол баланың даму ерекшелігі жөніндегі психологияның мәліметтерімен жете таныс болуы қажет. Педагог егер психология ғылымының зерттеулерімен таныс болмаса, қарамағындағы оқушыларды толық меңгеріп кете алмаған болар еді;

екіншіден, педагог психологияның жалпы мәліметтерін біліп қана қоймай, өз класындағы балалардың дара ерекшеліктерін (ұғымталдығын, ой - өрісі, мінезін т.б.) жақсы білуі шарт, мұнсыз болмайды. Өйткені жас буындардың бәріне бірдей тән психикасының жалпы заңдылықтары болғанымен, балалардың жеке басының әр түрлі өзіндік ерекшеліктері болады. Сондықтан сыныптағы балалардың жеке басындық ерекшеліктерін жете білу педагогтық жұмыстың жемісті болуының негізгі шарты.

Педагогикалық қажетті, тарихи қалыптасқан іс - әрекет формалары, оны орындау үшін адам білімдер мен дағдылар қосындысына сәйкес, қабілеттер мен кәсіби маңызды сапаларға ие болуы керек.

Мұнда педагог-психологтың кәсіби рөлінің маңыздылығы атап көрсетіледі, оның функциялары, қабілеттері, ептіліктері қарастырылады, оған қойылған талаптар мен қоғамда оған қалыпты қалыптасқан әлеуметтік күтулер талданады. Педагог-психолог мамандығы, сабақтастығының мың жылдық тәжірибесі жинақталған. Шын мәнінде, педагог-психолог бұл ұрпақтар арасындағы байланыстырушы буын, қоғамдық-тарихи тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырушы тұлға болса, мектеп педагог-психолог маман оқушы жанын түсініп, оның өмірде өз орнын табуға көмек көрсететін тұлға.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. -448б.
2. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009
3. Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян. Алматы:Жалын,1996.- 54 б
4. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Ауд. Ә. Ипмағамбетов - Алматы: Жазушы, 1980.- 416б.
5. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт баспасы., Т1. 2003.- 240б.
6. Абай. Қалың елім қазағым.- Алматы: Жалын, 1995.- 384б.
7. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалар жинағы. - Алматы: Жалын, 2008.
8. Жүсіпбек А. Психология. Алматы.: 1995 -310б.
9. Жұмабаев М. Педагогика. – А., 1992.- 155б
10. Тәжібаев Т.Т. Абай жастарды тәрбиелеу туралы. Алматы, 1964.
11. Мұқанов М. Педагогикалық психология очерктері. – Алматы: Оқу педагогикалық мем. баспа.1982.- 280 б.